

ХАТТАМАСЫ

Қарабұлақ ауылы

№ 4

14.05.2026ж.

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымының басшысының есебі
2. Соңғы қоңырау өткізу тәртібі
3. Жазғы демалысты тиімді ұйымдастыру – жазғы лагерь туралы ақпараттандыру

Тыңдалды:


Кеңес отырысының алғы сөзін мектеп директоры Н.Д.Сәрсенғалиев бастады. Жалпы 2025-2026 оқу жылын мектебімізді 68 оқушы аяқтағалы отыр. Биылғы оқу жылында өздеріңізге мәлім оқушыларымыз түрлі конкурстар ен байқауларға қатысып көптеген жетістіктерге жетті,білім ордасында оң өзгерістер байқалды,оқушыларымыз олимпиада жүлдегерлері атанды.Келесі оқу жылында одан әрі дамытамыз деп жоспарлануда. Біз ауылымыздағы жалғыз білім ордасын осынша дәрежеде дамып келе жатқанына қуанамыз,оқушылардың түрлі байқауларға қаысуы бір бөлек,оларды дайындап дамыту және аудан,облыс орталығынан оқушылармыз жүлдемен оралу ол сіздің және ұжымымыздың жемісі деп қорытындылады.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары С.А.Карасаева сөз алды. Биыл салтанатты жиын 25 мамыр күні өтетінің хабарлады. Салтанатты жиынға тек 9 сынып түлектері қатысатының жеткізді. Бастауыш сынып аралығында «Білімім - Отаныма» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіледі. Соңымен қатар, мектеп бітіру кешіне ақша жинамау және оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы бұйрықпен таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынша ДТЖЖО С.А.Карасаева сөз алды. 2025- 2026 оқу жылының аяқталуына байланысты мектеп оқушыларының жазғы демалысын тиімді пайдалану мақсатында жазғы лагерь жұмыстары жоспарланды. Лагерьдің негізгі мақсаты – оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу, денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін сақтау және шығармашылық қабилеттерін дамыту. Жазғы лагерь жұмысы мектеп жанынан ұйымдастырылып, оған орта буын оқушылары қамтылады. Лагерь барысында оқушыларға түрлі танымдық , спорттық , мәдени – көпшілік іс – шаралар өткізу көзделуде.

Шешім:

1. Білім беру ұйымы басшысының есебін қанағатанарлық деп танылсын.
2. Соңғы қоңырау өткізу тәртібі қанағаттанарлық деп танылсын және бұйрық бойынша жүзеге асырылсын.
3. Жазғы лагерь тиісті дәрежеде өткізілсін.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:  А.Кулбалаев

Хатшы:  С.Карасаева